

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыттары бойынша
академиялық комитет мәжілісінің
№ 9 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

10.06.2024 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD, аға оқытушы Б.Ауезов, АК мүшелері – PhD, аға оқытушы, М.Сұлтанбек PhD, аға оқытушы Г.Абдуллина, аға оқытушы С.Сахитжанова, аға оқытушы Ж.Шалабаева; жұмыс беруші өкіл №23 ІТ мектеп-лицейінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А.Акилбекова, «Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназия» директоры Р.Уримова, білімгерлер 7М01303- Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі магистрант А.Ү.Төребай; білімгер Д.Р.Тимерхан.

Күн тәртібінде:

1. АК жылдық есебін әзірлеу.
2. АК жылдық есебін талқылау бекітуге ұсыну.

Тыңдалды:

АК төрағасы Б.Н.Ауезов: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, 2023-2024 оқу жылы Академиялық комитет жоспарына сәйкес жыл бойы жұмыстар атқарылды. Жұмыс жоспарында әрайға белгіленген іс-шаралар ұйымдастырылып, есебі ұсынылды. АК жоспарының орындалуына атсалысқан әріптестерге алғысымды білдіремін.

АК мүшесі Сахитжанова С: 2023-2024 оқу жылы Академиялық комитеттің атқарған жұмыстары нәтижелі ұйымдастырылды. Білім беру бағдарламаларын талқылау үдерісіне барлық АК мүшелерінің белсенді қатысқанын атап өтуге болады. Сауалнамамен талдау қорытындысы, АК мүшелерінің ұсыныстарымен мәселелердің шешу жолдары ескеріледі.

АК мүшесі Шалабаева Ж: ББ бағдарламасын талдау жұмыстары оң нәтиже берді. Атқарылған жұмыстар жақсы бағаланды. Талдау нәтижелері ендігі оқу жылы барысында назарда болғаны жөн.


АК мүшесі С.Мәлік : 2023-2024 оқу жылы Академиялық комитеттің мүшесі ретінде білім беру бағдарламаларын жасау және жаңарту үдерісіне өз үлесімді қостым. Осы орайда ББ мазмұнымен жақыннан танысуға мүмкіндігім болды. Талаптарға сай жасалған ББ-дағы құзіреттер мен оқыту нәтижелері білім алушылардың біліктілігін арттыруға бағытталғанын атап айтуға болады. Жалпы алғанда теориялық білімнің нәтижесі практика барысында айқын көрініс табады. Білімгерлердің игерген дағдылары ғылыми ізденістері мен талдауларында септігін тигізері анық. Оқу жылы барысында ББ жасау және жаңарту үдерісіне ат салысып жүрген барлық АК мүшелеріне алғысымды білдіремін.

АК төрағасы Б.Ауезов: Құрметті АК мүшелері жыл бойында мәжіліске белсенді қатысқандарыңызға рахмет! АК жылдық есебін талқылап, бекітуге ұсынып отырмыз. Барлықтарыңызға рахмет.

ШЕШІМ:

1. АК жылдық есебі бекітуге ұсынылсын.
2. 2024-2025 оқу жылы ББ жасау мен жаңарту барысында SWOT талдау нәтижесі назарға алынсын.

АК төрағасы:
Хатшысы:




Б.Н.Ауезов
А.Ү.Төребай